Ұлттық ғылыми-техникалық орталықтың 1999 жылға арналған бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 қаңтар N 67

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 16 желтоқсандағы Заңын және "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1334 P981334_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық ғылыми-техникалық орталықтың республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі бекітілсін.

2. Ұлттық ғылыми-техникалық орталық (келісім бойынша) қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстарды әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 қаңтардағы N 67 қаулысымен бекітілген

Ұлттық ғылыми-техникалық орталықтың республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі

N	Атауы	1998 жылғы қаржыландыру нысаны	1999 жылғы қаржыландыру нысаны
1	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет	Ұстауға	Ұстауға
	Ақпараттық және ұлттық қауіпсіздік саласындағы іргелі ғылыми зерттеулер		

Мемлекеттік мекемелер
Ұлттық ғылыми-техникалық
орталық
Қолданбалы математика институты
Арнайы техникалық зерттеу
институты

Эргономика институты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК